

## **Кәсіподақтың 2022 жылы кәсіподақ мүшелерінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс қорытындысы туралы АҚПАРАТ**

Съезд бекіткен Кәсіподақ қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасымен басқарушы органдардың алдына жұмыстың барлық нысандары мен әдістері арқылы сала қызметкерлері үшін қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларына қол жеткізу міндеті қойылды.

Бұл міндет өзектілігін жоғалтпайды. Өндірістік жарақаттану бағытындағы жағдай әлі де күрделі. Егер 2020 жылы сала бойынша өндірістегі жазатайым оқиғалардың жалпы саны 10 болса, 2021 жылы – 26, ал өткен 2022 жылы – 33 болды. 10 адамнан 2 адамға дейін қызмет көрсетілетін ұйымдардың өндірісте қаза тапқан қызметкерлерінің жыл сайынғы саны ауытқып отырады.

Өндірістегі жазатайым оқиғалардың ең көп саны 2022 жылы Қостанай (8 жағдай), Павлодар (6 жағдай), Ақмола облыстарында тіркелді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы міндеттерді іске асыру және еңбек заңнамасының нормаларын сақтау үшін кәсіподақ мүшелерінің еңбекті қорғау, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында белгілі жұмыс жүргізіп келеді.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кәсіподақ құрылымдарының белсенді қолдауымен салалардағы мекемелер мен кәсіпорындарында еңбекті қорғау жөніндегі **8741 өндірістік кеңес** құрылды. 2020 жылмен салыстырғанда кәсіподақ құрамындағы өндірістік кеңестер саны **685-ке**, өткен жылмен салыстырғанда **378-ге** артты.

Еңбек кодексінің нормаларына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес жұмыс беруші мен қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмыс орындарында еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды тексеруді ұйымдастырады.

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары қолданыстағы Еңбек кодексі күшіне енген сәттен бастап осы еңбекті қорғау институтының жұмысын қалыптастырады және жетілдіреді. Алайда, біз бұл кеңестердің тиімді жұмысына қол жеткізе алмадық. Айта кету керек, өндірістік кеңестер тек кәсіподақ органдарының бастамасы бойынша құрылады, жұмыс берушілер тарапынан бұл бағытта ешқандай бастамалар жоқ.

Өндірістік кеңестер тиімділігінің төмендігінің басты себебі – жетілдірілмеген нормативтік-құқықтық базасы. Орталық Комитет тиісті органдардың алдына «жұмыс беруші – өндірістік кеңес» қатынастарында кеңесті, құқықтарды, міндеттерді құру тәртібін неғұрлым нақты көрсету қажеттігі туралы мәселерін қойды. Техникалық еңбек инспекциясының

қызметі бөлігінде нормативтік құқықтық база да осы уақытқа дейін өзектендірілмегенін мойындау қажет.

Еңбекті қорғауды қаржылық қамтамасыз ету мәселесі бойынша жүргізілген талдау кәсіподақ қызметінің бұл бағыты әлі де проблемалы болып қалатынын көрсетеді. Егер жеке меншік нысанындағы ұйымдарда ұжымдық шарттар арқылы жұмыс берушіден еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға ақша бөлуге қол жеткізу мүмкіндігі болса, онда бюджеттік ұйымдарда бұл іс жүзінде мүмкін емес.

Есептік жылы техникалық инспекторлардың сандық құрамы – **8833** адам, бұл 2021 жылмен салыстырғанда **445**-ке артық.

Техникалық инспекторлар еңбек жағдайлары бойынша **4935** тексеру жүргізді, оның ішінде өндірістік кеңестердің бастамасы бойынша – **3362**, қызметкерлердің бастамасы бойынша – **368**, өзге де тексерулер – **1205**.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша **1749** бұзушылықтары анықталды. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша **1525** бұзушылықтар жойылды.

Мемлекеттік уәкілетті органдар мен білім басқармасының мобильді топтары құрамындағы кәсіподақ өкілдері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша **1205** тексерулер жүргізді.

Жарақаттану көрсеткіштері: жеңіл жарақат – **20 қызметкер**; ауыр жарақат – **10 қызметкер**; өлімге әкеліп соққан жағдай – **3 қызметкер**. 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы ауыр зардап шеккендердің саны өзгеріссіз қалды. Өлімге әкеліп соққан өндірістік жарақаттар саны 1-ден 3-ке дейін артты.

Қоғамдық бақылау жүргізу бағытында жалпы оң динамика байқалады. Дегенмен, тексеру жиілігі төмен болып қалатынын ескеру қажет. Сонымен, 2022 жылы 8833 техникалық инспекторға тек 4935 тексеріс болып тұр, бұл жеткіліксіз. Алматы қаласының, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарының кәсіподақ ұйымдарының басшылық органдары осы бағытта тиісті шаралар қабылдауы тиіс.

Анықталған бұзушылықтардың негізгі бөлігінде қызметкерлерді жеке қорғаныс құралдарымен толық қамтамасыз етпеу, еңбек қауіпсіздігі бойынша уақтылы нұсқамалардың болмауы сияқты бұзушылықтар басым бөлігін құрайды.

Кәсіподақтың көптеген мүшелік ұйымдарында еңбек заңнамасының сақталуына кешенді және тақырыптық тексерулер жүргізу, содан кейін кәсіподақтың барлық деңгейлеріндегі алқалы сайланған органдарда тексеру нәтижелерін қарау бойынша жұмыс жүйесі қалыптасты.

Жамбыл, Павлодар облыстық кәсіподақ ұйымдарында білім беруді басқару органдарымен, мемлекеттік еңбек инспекциясымен, прокуратурамен және басқа да мемлекеттік қадағалау органдарымен өзара іс-қимылдың қызықты тәжірибесі іске асырылуда. Мұнда жыл сайын білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығын тексеру жөніндегі

ведомствоаралық комиссия құрылады. Ведомствоаралық комиссиялардың жұмысына міндетті түрде сайланбалы кәсіподақ органдарының өкілдері, техникалық еңбек инспекторлары, білім беруді басқару органдарының мамандары қатысады. Ведомствоаралық комиссия санитарлық-гигиеналық және өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын, еңбекті қорғау мәселелері бойынша құжаттаманың жай-күйі мен оның болуын тексереді. Мұндай тәжірибе оң резонансқа ие, өйткені қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға бағытталған іс-шаралар жұмылдырылады, жұмыс орындарында басшылардың еңбекті қорғау мәселелеріне көзқарасы (қатынасы) жақсарайды.

Кәсіподақты оқытуға көп көңіл бөлінеді. Мүшелік ұйымдар 2022 жылы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша **795 оқыту семинарларын** өткізді.

Кәсіподақтың Орталық Комитеті мүшелік ұйымдармен онлайн оқыту өткізді, барлық мүшелік ұйымдарда қатысушылардың жалпы саны – **1050 техникалық инспекторды** құрады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайына Салалық кәсіподақтың «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» атағына жыл сайын өткізілетін байқау оң әсерін тигізіп отыр.

Кәсіподақ құрылымдары арасында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды үздік ұйымдастыруға арналған республикалық байқау тұрақты өткізілетін мәртебеге ие болды. Республикалық байқаудың қорытындысы бойынша жүлделі орындарды Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Ақмола облыстарының, Астана, Алматы қалаларының мүшелік ұйымдары иеленді.

Салалық кәсіподақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша Кәсіподақтар федерациясы өткізетін салааралық байқауларға белсенді қатысады және онда жүлделі орындарға ие болатынын айта кеткен жөн.

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының бастамасы мен үлкен ұйымдастырушылық жұмысының арқасында көптеген ұйымдарда қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын, еңбекті қорғау жылын іске асыру шеңберінде өткізілетін іс-шаралар кеңінен жарияланады. Кәсіподақ ұйымдарының сайттарында жарияланған ақпарат, республикалық және өңірлік БАҚ-тағы көптеген жарияланымдар кәсіподақтың барлық ұйымдары тарапынан еңбекті қорғау іс-шараларына ерекше назар аударудың дәлелі болып табылады.

Бастауыш ұйымдардың белсенділік деңгейі және ең бастысы, кәсіподақтың әрбір мүшесінің қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз етуге жеке қатысуы айтарлықтай артты. Еңбекті қорғау мәселелері бойынша түрлі викториналар, байқаулар, квесттер түрінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға арналған барлық танымдық, қызықты іс-шараларды өткізу арқылы осы маңызды міндетті шешудің жаңа, дәстүрлі емес тәсілдерін табуға мүмкіндік пайда болды.

Кәсіподақтағы еңбекті қорғау Жылы бірлескен жоспарларды орындау бойынша Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының білім беру саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарымен өзара іс-қимылын нығайтудың қуатты ұйымдастырушы факторына айналды.

Еңбекті қорғау жылының іс-шараларын іске асыру барысында кәсіподақтың өңірлік және бастауыш ұйымдарында көптеген оқыту семинарлары, еңбекті қорғаудың өзекті мәселелері бойынша кеңестер (ЕҚБЖ-нің жұмыс жасауы, еңбекті қорғауды қаржыландыру, қызметкерлер мен білім алушылардың денсаулығын қорғау және т.б.), консультациялар, дөңгелек үстелдер өткізіледі.

Еңбекті қорғау жылының іс шаралар жоспарына сәйкес кәсіподақта келесідей өзекті міндеттер іске асырылуда:

- кәсіподақ мүшелеріне еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды жақсарту, өндірістегі жарақаттануды және білім беру үдерісін жүргізу кезінде жазатайым оқиғаларды азайту жөніндегі кәсіподақ қызметі туралы неғұрлым жедел және жан-жақты хабардар етуді қамтамасыз ететін жұмыстың дәстүрлі емес нысандарын, жаңа технологияларды енгізу арқылы Кәсіподақтың рейтингілік тартымдылығын арттыру;

- еңбекті қорғау мен денсаулықтың маңыздылығы мәселелерін ашық ақпараттық өріске көшіру;

- еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйін кәсіподақтық (қоғамдық) бақылау институтын дамыту және жетілдіру.

Үздік тәжірибелер, техникалық еңбек инспекторларының, еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестердің қоғамдық бақылауын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстағы озық тәжірибелер барлық қолда бар ресурстарды пайдалану жолымен жарыққа шығарылады: интернет-ресурстар (Кәсіподақтың Орталық комитетінің және мүшелік ұйымдардың ресми сайттары), мерзімді баспа басылымдары, шолулар, брошюралар және т.б..

**Орталық комитеттің  
құқықтық жұмыс және ЕҚЖЕҚ бөлімі**